

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы	044-57/19 ( )
Дәріс кешені	20 беттің 1 беті

## ДӘРІС КЕШЕНІ

**Пәннің атауы:** «Мамандандырылған мейіргерлік көмек»  
**Пән коды:** ММК 3303  
**БББ атауы:** 6В10104 «Мейіргер ісі»  
**Оқу сағаттары / кредиттерінің көлемі:** 150 сағат (5 кредит)  
**Курс пен семестрлік оқу:** 3 курс, 6 семестр  
**Дәріс көлемі:** 15 сағат

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA  
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL  
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы

Дәріс кешені

044-57/19 ( )

20 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Мамандандырылған мейіргерлік көмек» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 18 » 06 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі

Сейдахметова А.А.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 3 беті

## Дәріс № 1

**1. Тақырыбы:** Мамандандырылған мейіргерлік көмек, мақсаты.

Мейіргер жұмысы сапасының критерилері.

**2. Мақсаты:** Қазіргі заманғы МІ тенденциялар мен ұғымдар теорияларының жалпы негіздері. Негізгі ұғымдары, әдіснамасы және нысандарын меңгеру.

**3. Дәріс тезистері:**

Мейіргерлік күтім көрсету қағидаларын бекіту туралы Қ.Р. ДСМ 2020 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ-199/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 25 қарашада № 21674 болып тіркелді.

Мамандандырылған медициналық көмек -диагностиканың, емдеудің, медициналық оналтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

- **Мейіргерлік бағалау** – мейіргердің пациенттің физиологиялық, психологиялық, социологиялық және рухани жай-күйі туралы ақпарат жинауы;
- **Мейіргерлік диагноз** - мейіргерлік күтімнің бөлігі және пациенттің ауруының клиникалық белгілерін денсаулығына байланысты нақты және ықтимал проблемаларын сипаттайтын мейіргердің клиникалық пікірі;
- **Мейіргерлік араласу** – пациенттердің денсаулығы мен жайлылығын жақсарту үшін мейіргердің іс- әрекеттері;
- – **Мейіргерлік күтімнің нәтижелері** тімнің сапасын түпкілікті бағалау;

**Мейіргерлік араласудың тиімділігі бірқатар факторлардан тұрады:**

- жұмыс уақытын тиімді жоспарлау,
- мейіргерлік күтім технологияларын қолдану
- пациенттермен және олардың туыстарымен күтім процесінде өзара әрекеттесу
- пациенттің проблемаларының динамикасын бақылау
- инфекциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету,
- дәрілік терапия
- медициналық тексеру жүргізу мерзімдері

1. Емделушінің денсаулығы жайлы ақпарат жинау;

2. Мейіргерлік диагноз (диагностика, науқас проблемаларын анықтау);

Науқастың негізгі (нақты), басым (приоритетті) (потенциалды) проблемаларын анықтау;

3. Күтімді жоспарлау;

Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсат қою;

4. Жоспарлауды жүзеге асыру;

Тәуелді, тәуелсіз және өзара тәуелді араласуларды жүргізу;

5. Көрсетілген күтімнің нәтижесін бағалау.

**4. Иллюстрациялық материал:** Презентация

**5. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз

**6. Бақылау сұрақтары:**

- Мамандандырылған медициналық көмек ұғымы
- Мейіргерлік үрдіс кезеңдері

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 4 беті

## Дәріс № 2

1. **Тақырыбы:** Тыныс алу жүйесінің аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек
2. **Мақсаты:** Мейіргер ісіндегі қазіргі даму концепциялары мен теориялары түсінігі және қолданылуын меңгеру.
3. **Дәріс тезистері:**  
 "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша магистратура түлектері мынадай кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:
  - әкімшілік-басқарушылық (денсаулық сақтауды басқару органдарының мамандары және денсаулық сақтау ұйымдарының әкімшілік басқару персоналы);
  - емдеу-профилактикалық және диагностикалық (бейінді бағыт бойынша мейіргер қызметінің жетекші мамандары);
  - талдамалық (ақпараттық-талдау орталықтарының қызметкерлері);
 "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша магистратура түлектері мынадай кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:
  - эксперттік-консультативтік (денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарындағы сарапшылар, консультанттар).
  - педагогикалық (жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының оқытушылары);
  - ғылыми-зерттеу (институттардың, ғылыми орталықтардың ғылыми қызметкерлері);
  - педагогикалық (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының)

### Мейіргер ісі саласындағы алғашқы кәсіби журнал

Алғашқы кәсіби мейіргер журналы Америкада жарық көрді (1900). "American Journal of Nursing" мейіргерлер қоғамының баспа орталығы болды, оның алғашқы бас редакторы мейіргер С.Палмер болды. Айта кету керек, бүгінде бұл журнал әлемдегі ең танымал мейіргерлік журналдардың бірі болып табылады.

### Мейіргер ісі туралы мәліметтер базасы

- Мейіргер ісі оқытушыларының еуропалық Федерациясы (FINE) <https://fine-europe.eu> FINE миссиясы-мейіргерлік білім беру саласындағы озық тәжірибені насихаттау, сонымен қатар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық аймағында Денсаулық сақтау саласындағы халықтың үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мейіргерлік оқытушылардың біліктілігін арттыру және қолдау. FINE мейіргерлік білім беру саласындағы соңғы зерттеулер туралы хабарлау үшін жыл сайынғы конференциялар ұйымдастырады
- Мейіргер ісі және денсаулық сақтау мәселелері бойынша әдебиеттердің жиынтық индексі: CINAHL <https://health.ebsco.com/products/the-cinahl-database>.

Мейіргер ісі саласындағы зерттеулерді қамтитын әлемдегі ең үлкен мәліметтер базасының бірі. Деректер базасында мейіргер ісі, менеджмент, білім беру, теория және тарих сияқты мейіргерлік журналдар мен медициналық журналдарға арналған толық мәтіндердің көздері бар.

- ProQuest — Nursing and Allied Health мәліметтер базасы  
 The Nursing & Allied Health деректер базасы - бұл білім алушыларға, оқытушыларға, зерттеушілерге және медицина қызметкерлеріне арналған кешенді ресурс. Білім алушыларға теорияны практикамен байланыстыруға көмектесу үшін клиникалық зерттеулерді қолдану немесе оқытушыларды мультимедиялық оқу мазмұнымен қамтамасыз етуге көмектесетін жүйе.Nursing & Allied Health мәліметтер базасына



ғылыми әдебиеттер, клиникалық оқыту видеолары, анықтамалық материалдар және ғылыми негізделген ресурстар, соның ішінде диссертациялар мен жүйелі шолулар бар.

**4. Иллюстрациялық материал:** Презентация

**5. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз

**6. Бақылау сұрақтары:**

- Мейіргер ісі туралы мәліметтер базасы?
- Мейіргер ісіндегі қазіргі даму концепциялары мен теориялары түсінігі және қолданылуы?

**Дәріс № 3**

**1. Тақырыбы:** Жүрек-қан тамыр аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек.

**2. Мақсаты:** Мейіргер ісінің қазіргі даму барысында концепцияның екі кезеңі жайлы мәліметтерді іздеу.

**3. Дәріс тезистері:**

**ҚР-да мейіргер ісін дамыту концепциясы**

Концепцияның мақсаты: ҚР Денсаулық сақтау жүйесінде әртүрлі деңгейдегі мейіргер ісін реформалау жолымен тиімді жұмыс істеуге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Республикада Мейірбике ісі реформасын үйлестіру тетіктерін құру;
- Денсаулық сақтау жүйесінің Мейірбике ісі мамандарының жаңа рөлдері мен компетенцияларына әзірлігін қамтамасыз ету;
- Мейірбике ісін реформалаудың қажеттіліктеріне, жаңа білім беру бағдарламалары мен аккредиттеуге қойылатын талаптарға сәйкес медициналық колледждер мен университеттерді институционалдық дамыту
- Жаңа стандарттарға сәйкес Мейіргер ісі оқытушыларының мейіргер және педагогикалық құзыреттерін дамыту;
- Медбикенің жаңа професиясын танымал, мақұлданған және тартымды ету үшін мейіргер ісінің реформасы туралы маркетинг және хабардарлықты арттыру;
- Мейіргер білімін нығайту және мейіргер ісі жүйесін дамыту үшін ғылыми негіз құру

Мейіргер білім мен шеберлігі бар, күтім процесіне жауапты, мейірімділік көрсете білетін маман болып саналады. Мейіргер — емделушіге толық күтім қамтамасыз ету үшін өзінің кәсіби психологиялық және рухани қасиеттерін дамытқан, бірегей қоғамның белсенді тұлғасы. Қоғам мен емделушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, денсаулықты сақтау үшін мейіргер жұмысын жалғыз және басқа да денсаулық сақтау саласындағы кәсіби жұмыскерлермен бірге атқара береді.

Медицина ғылымының өсіп-өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейіргерлерінің рөлі артып келеді. Мейіргер мамандығының пайда болуы ағылшын қызы Флоренс Найтингельге байланысты. 1860 жылдың 24 маусымы — мейіргер ісі тарихындағы атақты күн. Бұл күні Лондонда Қасиетті Томас госпиталінде Флоренс Найтингельдің басшылығымен қайырымдылық мектебі ашылды. Осы мектепті бітіруші қыздар мен әйелдер тиянақты түрде ғылыми дайындықтан өтіп шығатын. Флоренс Найтингель қоғам алдында ең бірінші болып мейіргер жұмысының мерейін көтерді. Ол ауруларды күтуге арнайы дайындық керек екенін жұртшылыққа дәлелдеп, сол кезден бастап мейіргер ісінің негізі қаланды. Күтім туралы жазбалар» еңбегінде

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы	044-57/19 ( ) 20 беттің 6 беті
Дәріс кешені	

Ф.Найтингейл мейіргер ісіне анықтама берді, дәрігер ісінен ерекшелігін көрсетті. Еуропа мен Америкадағы алғашқы мейірбике мектептерінде оқытылған теориялардан мейіргер ісі моделдерін құрды. Ф.Найтингейл есімі қайырымдылық символына айналды. 1912 жылы Халықаралық Қызыл крест және Қызыл жарты ай лигасы Флоренс Найтингейл атындағы медаль шығарды. Әлі күнге дейін барлық әлем бойынша мейірбикелер үшін ең құрметті және жоғары награда болып саналады. 2 жыл сайын Қызыл крест Халықаралық комитеті оның туған күніне (12 мамыр) оның атындағы 50 медальді беруді ұйғарды. Бұл мейірбикелер үшін және Қызыл Крест белсенділері үшін жоғарғы марапат. Бұл медальдің ережесінде «мансаптың аяқталуы үшін емес, үздік қызметін ескеру және марапатталғандардың моральды сапасын ерекше мойындау үшін» деп жазылған. Соңғы кезде мейірбикенің функциясына көзқарастар өзгеруде. Егер бұрын акцент науқастарды күтуге бағытталса, қазіргі таңда мейірбикелер басқа мамандармен бірге басты міндеті ретінде денсаулықты сақтау, ауруды алдын алу, адамдардың индивидуалды мүмкіндіктеріне сәйкес барынша тәуелсіздігін қамтамасыз етуді жатқызады. Англияда белгілі бір аурулармен (қант диабеті, бронх демікпесі) ауыратын пациенттерге көмек көрсететін арнайы мамандандырылған мейіргерлер жалпы тәжірибедегі дәрігерлердің күнделікті қызметін — пациенттерді бақылау, оқыту сияқты амбулаторлық қабылдау жүргізуді, басқа медициналық және әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру жұмыстарын атқара алады. Көптеген дамыған елдерде мейіргер ісін дамыту мақсатында АҚШ-та және Германияда мейіргерлер көп жағдайларда біріншілік тексерулерді жүргізіп, пациентке арнайы медициналық көмек көрсететін мамандарға бағыт береді. Дамыған Еуропа елдерінде жалпы практикадағы дәрігерлер пациенттерді үйде қарауға бармайды, сирек жағдайларды қоспағанда арнайы мамандандырылған мейіргерлер осы қызмет көрсетуді жүргізеді. Финляндияда халықаралық тәжірибе негізінде мейіргерлерді дайындауды қарастырған. Фин білім беру жүйесі мейіргерлерді дайындауда әлемдегі ең үздік болып бағаланады. Мейіргер мамандығы Финляндияда зор құрметке ие. Мейіргерлер ауқымды алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Айта кететін болсақ, пациенттерге және оның отбасы мүшелеріне кеңес беру, кейбір медикаментозды терапияда рецептерді жазу сияқты жұмыстарды жүргізеді. Емханаға алғашқы тексерілуге келгенде пациент алдымен мейіргерлермен ақылдасады. Мейіргер пациенттің жағдайын бағалап, қажетті тексерілулерді тағайындайды, және тиісті маманға жібереді.

#### 4. Иллюстрациялық материал: Презентация

#### 5. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз

#### 6. Бақылау сұрақтары:

- Мейіргер ісінің қазіргі даму барысында концепцияның екі кезеңі қандай:

#### Дәріс № 4

**1. Тақырыбы:** Ас қорыту жүйесі аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек

**2. Мақсаты:** Бірінші кезеңдік мейіргерлерді қазіргі теориялық дамыту әдістерімен танысу.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 7 беті

### 3. Дәріс тезистері:

Мейіргер ісін дамытудың осы концепциясы денсаулық сақтаудың қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманғы денсаулық сақтау қажеттіліктеріне сәйкес Қазақстандағы мейіргер ісі жүйесін халықаралық деңгейге келтіру мақсатында әзірленді. Америка Құрама Штаттарында денсаулық сақтауға жұмсалатын шығын ЖІӨ -нің шамамен 18% құрайды. Мейірбике қызметкерлерінің жалпы Америка қоғамында, әсіресе АҚШ денсаулық сақтау жүйесінде алатын орны ерекше. 2018 жылы АҚШ пен оның аумақтары бойынша мейірбике ісін жүргізуге лицензиялаудың толық статистикасын шығарған. Ұлттық мейірбике ісі жөніндегі ұлттық кеңестің мәліметтері бойынша, елдегі тіркелген тәжірбиелі медбикелік лицензиялардың жалпы санын 5 636396 құрайды. Американдық медбикелер қауымдастығы мейірбике ісі ол: адамның денсаулығы мен қабілетін қорғауға, нығайтуға және оңтайландыруға көмектеседі. Бұл ауру мен жарақаттың алдын алу, диагностика мен емдеу арқылы азапты жеңілдету, жеке адамдарға, отбасыларға, халыққа қорғаныс пен көмек көрсету болып табылады. АҚШ та медбике емделушілерге күтім жасайтын орталық адам. АҚШ та медбике жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне мыналар жатады: Біріншіден мейірбике күні бойы болмайтын дәрігерлерден айырмашылығы, әрқашан бқлімде болады. Екіншіден, ауысым кезінде медициналық бөлімде бір медбикеде 4тен-8 науқасқа дейін болады. Үшіншіден ауысым 12 сағатқа созылады (ұйықтаған медбике жұмыстан шығарылады). Түнгі медбикелердің жұмысы, күндізгі жұмыстан еш айырмашылығы жоқ. Төртіншіден медбикелер әр бөлімде жұмыс істейді. 1. Медицина ғылымының өсіп-өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейіргерлерінің рөлі артып келеді. Мейіргер мамандығының пайда болуы ағылшын қызы Флоренс Найтингельге байланысты. 1860 жылдың 24 маусымы — мейіргер ісі тарихындағы атақты күн. Бұл күні Лондонда Қасиетті Томас госпиталінде Флоренс Найтингельдің басшылығымен қайырымдылық мектебі ашылды. Осы мектепті бітіруші қыздар мен әйелдер тиянақты түрде ғылыми дайындықтан өтіп шығатын. Флоренс Найтингель қоғам алдында ең бірінші болып мейіргер жұмысының мерейін көтерді. Ол ауруларды күтуге арнайы дайындық керек екенін жұртшылыққа дәлелдеп, сол кезден бастап мейіргер ісінің негізі қаланды. Қазіргі заманда мейірбикелік үрдіс мейірбикелік білім берудегі өзегі болып табылады және Қазақстандағы мейірбикелік күтімінің теориялық ғылыми базасын құрайды. Мейірбикелік күтім моделі мейірбикелік практиканың элементтерін құрайтын жүйелі, логикалық, ғылыми негізделген тұжырымдамалардың жиынтығы болып табылады. Қазіргі уақытта медициналық кадрлардың едәуір бөлігін мейірбикелер құрайды. Денсаулық сақтау жүйесі қазіргі уақытта қарқынды реформа кезеңінде, сондықтан мейірбике қызметкерлерінен білім деңгейін үнемі жақсартуға, оларды жаңартуға байыпты

Біздегі мейірбикелік қызметтердің алдында тұрған маңызды мәселелер:

Біріншіден- медициналық қызметтерді ұсыну — біздің еліміздің денсаулық сақтау жүйесі медициналық қызмет сапасының өткір проблемасына тап болды. Бұл мәселені шешуде мейірбике қызметкерлері маңызды рөлдердің бірін атқарады, өйткені пациенттермен көп

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы	044-57/19 ( ) 20 беттің 8 беті
Дәріс кешені	

уақытты өткізетін мейірбике қызметкерлері. Пациенттердің денсаулық деңгейі — медициналық көмек сапасының көрсеткіштерінің бірі.

Екіншіден- медициналық персонал, яғни медициналық кадрлардың жетіспеушілігі, медициналық персоналдың теңгерімсіздігі, мотивацияның төмендігі және медициналық қызметкерлердің жалақысы, осының бәрі медициналық көмектің тиімділігіне әсер ететін факторлар.

Үшіншіден- персоналды даярлау — медициналық кадрларды даярлау проблемасы өзекті болып табылады. Орта медициналық қызметкерлердің білім беру жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасында мейірбике ісінің дамуына кедергі келтіруде.

Төртіншіден- мейірбике персоналын басқару — мейірбике персоналын тиімді басқару сапалы медициналық көмек көрсетудің негізі болып табылады. Қазіргі уақытта медбикелер — жоғары медициналық білімі бар менеджерлер Қазақстан Республикасында оқуын сәтті аяқтауда, бірақ мамандық бойынша жұмыс істейтін мамандар саны көп нәрсені қалайды.

**4. Иллюстрациялық материал:** Презентация

**5. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз

**6. Бақылау сұрақтары:**

- қан кетудің жіктелуі;
- қан тоқтатқыш бұраманы салу ережесі;
- қан жоғалтқан науқастарға бірінші дәрігерге дейігі көмек көрсету;

### Дәріс №5

**1. Тақырыбы** Зәр шығару жүйесінің патологиясы кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек.

**2. Мақсаты:** Мейіргердің қазіргі заманғы клиникалық теорияны меңгеру ісімен танысу.

**3. Дәріс тезистері:**

#### Концепцияда белгіленген негізгі мәселелер

1. Біздің еліміздегі дәрігерлер мен орта қызметкерлер санының арақатынасы әлемнің дамыған елдеріне қарағанда әлдеқайда төмен, бұл медициналық көмек жүйесіндегі теңгерімсіздікті тудырады, емдеу, патронаж, оңалту қызметтерін дамыту мүмкіндіктерін шектейді.
2. Мейірбике қызметкерлерінің төмен жалақысы.
3. Еңбекақы төлеудің теңестіру тәсілдері.
4. Орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуының төмендігі.
5. Мамандықтың беделі төмен.
6. Орта кәсіптік және жоғары мейіргерлік білім берудің ҒЭҚ-тың денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі.
7. Оқытудың төмен сапасы.
8. Үздік медициналық білім беру жүйесінің болмауы.

#### ҚР-да мейіргер ісін дамыту

Әзірленген ЖЖО (НПД) тізбесі:

- Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасы; (2014)
- Мейіргер ісінің оқытушысы (2014);



O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 9 беті

Әртүрлі деңгейдегі мейіргер ісі мамандарының тіркелімін енгізу; (2015)

Медициналық ұйымдарда мейіргер құжаттамасын енгізу; (2015)

-Еуропалық директиваларға сәйкес мейіргер ісі мамандығы бойынша университеттік бакалавриаттың білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу; (2015)

ҚР мейіргер ісін дамыту:

Әзірленген ЖЖО (НПД) тізбесі:

-Әр түрлі деңгейдегі медбикелердің жаңа кәсіби стандарттары;

-Әр түрлі деңгейдегі медбикелерді лицензиялау/ сертификаттау ережелері;

-ҚР лауазымдарын Класификаторда тіркелген мейірбикенің жаңа ұстанымын енгізу;

-Жаңа рөлдермен Мейірбике ісі менеджментінің үлгілік ұйымдық құрылымын әзірлеуді қоса алғанда, мейірбике қызметінің жұмыс істеу жүйесінің ерекшелігімен медициналық ұйымдарды аккредиттеудің ұлттық стандарттарына өзгерістер енгізу;

ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ҚР ДСӘДМ мамандары JAMK және Lahti (Финляндия) қолданбалы ғылымдар университеттерінің әріптестерімен бірлесе отырып ҚР-дағы мейіргерлік білім беру жүйесін жетілдірудің 2016-2019 жылдарға арналған жол картасын жасады. Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы еуропалық директиваларға сай дуалды білім беру қағидаларын қарастырады.

«Қолданбалы бакалавр» – бұл «бакалавриат» деңгейіндегі негізгі білім беру

бағдарламасын аяқтаған, әлеуметтік-экономикалық қызметтің әртүрлі салаларындағы технологиялық міндеттерді шешу бойынша құзыреттіліктерге ие, білім беру мекемесін аяқтағаннан кейін дереу кәсіптік қызметке кірісуге дайын түлекке берілетін біліктілік. Қолданбалы бакалавриаттың мәні – инновациялық талаптарға сәйкес

колледждердің кейбір мамандықтарын жоғары білімге теңестіре отырып, кәсіптік-

техникалық білім беру мәртебесін көтеру. Осыған орай Астанада ҚР Денсаулық сақтау

және әлеуметтік даму вице-министрі Елжан Біртановтың, JAMK және Lahti (Финляндия)

қолданбалы ғылымдар университеті басқармасы басшыларының, Қазақстанның

медициналық ЖОО мен колледждері жетекшілерінің және т.б. қатысуымен

«Медициналық қызметтер мен медициналық білім беруді жетілдіру бойынша Қазақстан мен Финляндия ынтымақтастығы» атты дөңгелек стол өтті. Шарада қатысушылар

Қазақстан мен Финляндияның жоғарғы білікті медициналық кадрларды дайындаудағы,

олардың денсаулық сақтау саласындағы рөлі, алғашқы медициналық-санитарлық көмек

қызметін тиімді ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. 2018

жылдың 12 мен 16 ақпан күндер аралығында Астана қаласы Денсаулық Сақтауды

Дамыту Республикалық «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесіне дейін

қолданбалы ғылымдар бакалаврларын қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын

әзірлеу» атты мастер - класс жүргізілді. Бұл семинардың негізгі мақсаты - «Мейіргер ісі»

мамандығы бойынша қолданбалы ғылымдар бакалаврларын қайта даярлау бойынша білім

беру бағдарламаларын Болон үдерісі және кәсіби біліктілігін танылу үшін Еуропалық

Одақ талаптарына сай әзірлеу.

**Бұл семинар келесі бөлімдерден тұрды:**

\* Білім беру стандарттарын салыстыру

\*Мейіргер ісі білім беру жүйесінде ұзақ мерзімді оқыту

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 10 беті

- \*Оқыту нәтижелері мен жеделдетілген оқыту бағдарламасын жүзеге асыру
- \*Білім беру стандарттарында дипломдық жұмысты енгізу және жасап шығару.
- \*Қайта оқыту мен жеке оқу жоспарын құру үшін ережелер
- \*Жеделдетілген оқытудың білім беру стандарттарын аяқтау және «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қолданбалы ғылымдар бакалаврларын академиялық бакалавр дәрежесіне біліктілігін арттыру.

Клиникалық тәжірибеде мейіргер ісі бакалавры команда құрамында жұмыс жасауға ғана үйреніп қоймайды, сонымен қатар белгілі бір емдеу мекемесі аумағында команданы басқаруға, мейіргерлік күтімді ұйымдастыруға (жеке адамдарға және шағын топтарға арналған санитарлық - ағарту жұмыстарын қоса алғанда) жүргізеді.

- Мейірбикелік білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламалары келесідей курстардан тұрады:
- **Қолданбалы бакалавр**
- Мейіргер ісіндегі зерттеулерді жоспарлау және жүргізу принциптері
- Биостатистика және зерттеу нәтижелерін ұсыну
- Дипломдық жұмысты аяқтау
- Диплом жұмысын жазу, алдын ала қорғау және қорғау
- **Академиялық бакалавр**
- Мейіргер ісіндегі зерттеулерді ұйымдастыру
- Сапалық және сандық зерттеу әдістері
- Диссертация жазу, презентация және қорғау
- **Магистр дәрежесі**
- Мейіргер ісіндегі әдістеме және зерттеу әдістері
- Мейіргер ісі саласындағы ғылыми жобалар
- Зерттеу практикасы
- Магистрлік жұмыс

**4. Иллюстрациялық материал:** Презентация

**5. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз

**6. Бақылау сұрақтары:**

күйіктің жіктелуі;

- Мейіргердің қазіргі заманғы клиникалық теорияны меңгеру ісі?
- ҚР-да мейіргер ісін дамыту әдісі?

### Дәріс № 6

1. **Тақырыбы:** Эндокринді жүйенің аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек
2. **Мақсаты:** Мейіргерлерге қазіргі заманғы білім беру концепцияларының қалыптасуы мен даму деңгейімен танысу.
3. **Дәріс тезистері:**

Бүгінгі таңда Мейірбике ісі-бұл науқастарды оңалту және олардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша нақты функционалдық міндеттері бар тәуелсіз денсаулық сақтау саласы. Мейіргер ісі-бұл өзіндік мамандық, тек қарапайым дәрігердің



нұсқаулығын орындаудан бөлек мейірбикенің қызметі айтарлықтай көп. Мысалы, дамыған бастапқы жүйесі бар елдерде алғашқы медициналық көмек жүйесі жақсы дамыған елдерде көптеген созылмалы аурулары бар науқастарды медбикелер өздері жүргізеді. Медицина ғылымының өсіп-өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейіргерлерінің рөлі артып келеді. Мейіргер мамандығының пайда болуы ағылшын қызы Флоренс Найтингельге байланысты. 1860 жылдың 24 маусымы — мейіргер ісі тарихындағы атақты күн. Бұл күні Лондонда Қасиетті Томас госпиталінде Флоренс Найтингельдің басшылығымен қайырымдылық мектебі ашылды. Осы мектепті бітіруші қыздар мен әйелдер тиянақты түрде ғылыми дайындықтан өтіп шығатын. Флоренс Найтингель қоғам алдында ең бірінші болып мейіргер жұмысының мерейін көтерді. Ол ауруларды күтуге арнайы дайындық керек екенін жұртшылыққа дәлелдеп, сол кезден бастап мейіргер ісінің негізі қаланды. Соңғы кезде мейірбикенің функциясына көзқарастар өзгеруде. Егер бұрын акцент науқастарды күтуге бағытталса, қазіргі таңда мейірбикелер басқа мамандармен бірге басты міндеті ретінде денсаулықты сақтау, ауруды алдын алу, адамдардың индивидуалды мүмкіндіктеріне сәйкес барынша тәуелсіздігін қамтамасыз етуді жатқызады.

Англияда белгілі бір аурулармен (қант диабеті, бронх демікпесі) ауыратын пациенттерге көмек көрсететін арнайы мамандандырылған мейіргерлер жалпы тәжірибедегі дәрігерлердің күнделікті қызметін — пациенттерді бақылау, оқыту сияқты амбулаторлық қабылдау жүргізуді, басқа медициналық және әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру жұмыстарын атқара алады.

Көптеген дамыған елдерде мейіргер ісін дамыту мақсатында АҚШ-та және Германияда мейіргерлер көп жағдайларда біріншілік тексерулерді жүргізіп, пациентке арнайы медициналық көмек көрсететін мамандарға бағыт береді.

Дамыған Еуропа елдерінде жалпы практикадағы дәрігерлер пациенттерді үйде карауға бармайды, сирек жағдайларды қоспағанда арнайы мамандандырылған мейіргерлер осы қызмет көрсетуді жүргізеді. Финляндияда халықаралық тәжірибе негізінде мейіргерлерді дайындауды қарастырайық. Фин білім беру жүйесі мейіргерлерді дайындауда әлемдегі ең үздік болып бағаланады. Мейіргер мамандығы Финляндияда зор құрметке ие. Мейіргерлер ауқымды алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Айта кететін болсақ, пациенттерге және оның отбасы мүшелеріне кеңес беру, кейбір медикаментозды терапияда рецептерді жазу сияқты жұмыстарды жүргізеді.

Емханаға алғашқы тексерілуге келгенде пациент алдымен мейіргерлермен ақылдасады. Мейіргер пациенттің жағдайын бағалап, қажетті тексерілулерді тағайындайды, және тиісті маманға жібереді.

Орта медицина қызметкерінің міндетіне өз жұмысын жетілдіру, әлеуметтік қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы басқа да мамандармен бірге

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы	044-57/19 ( )
Дәріс кешені	20 беттің 12 беті

әрекет ету, сонымен қатар көптеген пікір таластарға қатысып, жалпыға маңызды шешімдерді қабылдай білу кіреді.

1993 жылғы "World Vision International" мәліметтері бойынша Мейірбике ісі ұғымы төрт негізгі концепциядан тұрады:

- Денсаулық
- Қоршаған орта
- Жеке тұлға
- Мейірбике ісі

Флоренс Найтингейл бір кездері Мейірбике ісі науқасқа екі жақты көзқарасты қамтиды: өнер және ғылым. Мысалы, науқасқа таңғыш салатын медбике-Орындаушы Бұл істің техникалық жағын жақсы біліп қана қоймайды, сонымен қатар оның қандай емдік мақсатта қажет екенін түсінеді. Сонымен, бұл жағдайда технология ғылыммен сәтті қиылысады. Мәселені ғылыми түсінбестен, дұрыс көмек пен күтім жасау мүмкін емес. Өнер мен ғылым мәселелері мейірбике ісінің барлық салаларында тығыз байланысты: әріптестерімен қарым-қатынаста, мейірбикелік көмек стратегиясын құруда, жаңа білім мен дағдыларды игеруде, науқастардың туыстарымен қарым-қатынаста, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі оқыту және т. б.

Мейірбикенің құзыреті:

- науқасты бақылау
- диагностика
- оқыту
- тез шешім қабылдау мүмкіндігі
- емдеу мақсаттары мен рәсімдері
- ұйымдастырушылық сұрақтар
- науқасқа мейірбикелік көмек көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

## 2. Жеке тұлға

- Медициналық қызмет жағдайында пациент жеке тұлға ретінде әрекет етеді. Жеке тұлғаның жалпы ерекшеліктерін де, оның жеке компоненттерін де ескеру өте маңызды:
  - психикалық жағдайы
  - физикалық жағдайы
  - ақыл-ой жағдайы және т. б.
- Медбике міндетті түрде дәрігерлер мен әріптестердің нұсқауларына қарамастан, пациенттің қауіпсіздігін бақылайды.

## 3. Қоршаған орта

Бұл фактор науқасқа, аурудың ағымына, қалпына келтіру процесіне өте күшті әсер етеді. Бұл факт Флоренс Найтингейлдің өмірінде де байқалды және бүгінгі күнге дейін жүз жыл бұрынғыдан кем емес маңызды болып қала береді. Қоршаған орта компоненттерге бөлінеді:

- физикалық (ауа-райы, жыл мезгілі, география, қоршаған ортаның температурасы, ылғалдылық және т. б.)

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 13 беті

адамды тұлға ретінде қалыптастыратын әлеуметтік (мектеп, отбасы, жұмыс әріптестері, таныстар және т. б.)

мәдени (діни қалаулар, тіл, сөйлеу тәсілі, дәстүрлер, нанымдар және т.б.).

#### 4. Денсаулық

Денсаулық тұжырымдамасы өте кең және түсіну қиын. Алайда, 1947 жылы ДДҰ денсаулықты аурудың қарапайым болмауынан гөрі адам өмірі мен қызметінің барлық салаларында толық әл-ауқат ретінде анықтады. Денсаулық-мейірбике кәсібінің түпкі мақсаты. Дені сау адам үшін қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу норма деп саналады. Дені сау ақыл-ой, физикалық және психикалық тұрғыдан пациент кез-келген аурулар мен қиыншылықтарды көп күш пен қиындықсыз жеңе алады. Флоренс Найтингейл: "адам кәсіптерінің ешқайсысы Мейірбике ісі сияқты өлім мен өмірге жақын емес", - деді.

Бұрынғыдай, мейірбике ісіне дәрігердің айтқанын ғана бұлжытпай орындайтын дәрігердің көмекшісі деген көзқарас келмеске кетті. Мейірбике ісі бүгінде сырқаттарды емдеу мен олардың өмір сапасын арттыруға үлес қосатын, өзінің айқын міндеттері бар денсаулық сақтаудың жеке бір саласы. Бұған болашақ бітірушіні өзінің оқу үдерісі барысында алған білімін кәсіби қызметінде пайдалана білетін маман ретінде дайындаса ғана қол жеткізуге болады.

#### 4. **Иллюстрациялық материал:** Презентация

#### 5. **Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз

#### 6. **Бақылау сұрақтары:**

- Мейіргерлерге қазіргі заманғы білім беру концепцияларының қалыптасуы?
- Мейіргерлерге қазіргі заманғы білім беру концепцияларының дамуы?

### Дәріс № 7

1. **Тақырыбы:** Тамақтанудың және зат алмасудығы бұзылуы кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек

2. **Мақсаты:** Мейіргер ісі концепциялары мен мейіргерлік теорияның заманауи білім алу функцияларымен танысу.

#### 3. **Дәріс тезистері:**

2018 жылдың соңындағы жағдай бойынша, республика өңірлерінің Қоғамдық денсаулық басқармаларының деректері бойынша, республикада орта медициналық қызметкерлердің жалпы саны 136564 адамды құрады, соның ішінде 94063 (68,9%) мейіргер ісінің маманы, олардың ішінде орта білім деңгейі бар мамандар – 93441 (99,34%), қолданбалы бакалавриат – 299 (0,32%), академиялық бакалавриат – 323 (0,34%).

Мейіргер ісіндегі концепцияның мақсаты: ҚР Денсаулық сақтау жүйесінде әртүрлі деңгейдегі мейіргер ісін реформалау жолымен тиімді жұмыс істеуге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Республикада Мейірбике ісі реформасын үйлестіру тетіктерін құру;
- Денсаулық сақтау жүйесінің Мейірбике ісі мамандарының жаңа рөлдері мен компетенцияларына әзірлігін қамтамасыз ету;
- Мейірбике ісін реформалаудың қажеттіліктеріне, жаңа білім беру бағдарламалары мен аккредиттеуге қойылатын талаптарға сәйкес медициналық колледждер мен университеттерді институционалдық дамыту

ҚР-да мейіргер ісін дамыту концепциясы

Міндеттері:

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі» кафедрасы		044-57/19 ( )
Дәріс кешені		20 беттің 14 беті

- Жаңа стандарттарға сәйкес Мейіргер ісі оқытушыларының мейіргер және педагогикалық құзыреттерін дамыту;
- Медбикенің жаңа професиясын танымал, мақұлданған және тартымды ету үшін мейіргер ісінің реформасы туралы маркетинг және хабардарлықты арттыру;
- Мейіргер білімін нығайту және мейіргер ісі жүйесін дамыту үшін ғылыми негіз құру

ҚР-да мейіргер ісін дамыту

Өзірленген ЖЖО (НПД) тізбесі:

- Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасы; (2014)
- Мейіргер ісінің оқытушысы (2014);
- Әртүрлі деңгейдегі мейіргер ісі мамандарының тіркелімін енгізу; (2015)
- Медициналық ұйымдарда мейіргер құжаттамасын енгізу; (2015)
- Еуропалық директиваларға сәйкес мейіргер ісі мамандығы бойынша университеттік бакалавриаттың білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу; (2015)
- Концепцияда белгіленген негізгі мәселелер.
- 1.Біздің еліміздегі дәрігерлер мен орта қызметкерлер санының арақатынасы әлемнің дамыған елдеріне қарағанда әлдеқайда төмен, бұл медициналық көмек жүйесіндегі теңгерімсіздікті тудырады, емдеу, патронаж, оңалту қызметтерін дамыту мүмкіндіктерін шектейді.
- Мейіргердің заманауи білім алу функцияларына тоқталатын болсақ .

Медицина ғылымының өсіп - өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейірбикелерінің рөлі артып келед.

Сондықтан-да, медицина қызметкерлерінің арасында мейірбикелерге де үлкен міндеттер жүктелген. Мейірбикелер жоғары кәсіби шеберлік иелері болумен қатар бақылаушылық, науқастың бойындағы физикалық, психологиялық өзгерістерді көретін, байқағыштық қасиеттерге де бай болғаны жөн. Олар ұстамды,өзінің сезімталдық берілгіштігін басқара білетін, эмоциялық тұрақтылықта тәрбиеленген жандар болуы тиіс.Оның ішінде әлбетте мәдинеттілікті сақтауға баса мән беріледі.

Егер 1979 жылы медициналық бикенің анықтамасы «орта медициналық білімі бар дәрігердің басмшылығымен жұмыс істейтін және оның жұмысына көмек көрсететін маман»болатын болса ,қазіргі моделі «медициналық бике – мейірбикелік іс философиясын кәсіби жағынан түсініп ,өз тәжірибесіне оңтайлы қолдана білетін жеке тұлға»

**Мейірбикелік іс-әрекеттің төрт деңгейде анықталды:**

- денсаулықты нығайту;
- жарақат пен аурудың алдын алу;
- жойылған функцияларды қалпына келтіру;
- азап шегуді жеңілдету;

**Медициналық бике мына рөлдерді атқарады:**

- емделушінің күтімін ұйымдастырушы;
- емделушінің күтімін орындаушы;
- емделушінің ықыласын қорғаушы (адвокат);

- педагог(консультант);
- зерттеуші;
- лидер(көшбасшы);
- медициналық бригаданың белсенді мүшесі

**4. Иллюстрациялық материал:** Презентация**5. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз**6. Бақылау сұрақтары:**

- Мейіргер ісі концепциялары мен мейіргерлік теорияның заманауи білім алу функциялары?
- Мейіргерлік теорияның заманауи білім алу функциялары?

**Дәріс № 8**

**1. Тақырыбы:** Қан айналым жүйесі аурулары кезіндегі мамандандырылған мейірбикелік көмек.

**2. Мақсаты:** Теория мен тәжірбиедегі мейіргердің ерекшелігін бағалау әдістері

**3. Дәріс тезистері:**

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриаттың орта білімнен кейін білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты туралы; 5-4 қосымша 5В110100 – "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша бакалавриаттың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты туралы

Кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар

- маманның кәсіби қызметін өз бетінше орындауға
  - өз еңбегінің нәтижелерін бағалауға,
  - қызметінің негізгі міндеттерін шешуге,
